

## 6 дәріс. Ахмет Ясауи хикметтері

*Дәрістің мақсаты: Қазақ халқы үшін қастерлі қала Түркістанда өмір сүрген ойшыл, сопылық бағыттың белді өкілі Ахмет Ясауи туралы және оның «Хикметтер жинағындағы» хикметтерді талдау.*

Бүкіл Түркі халықтарына ортақ ойшыл Қожа Ахмет Ясауи Ибраһимұлы ибн Махмұт шамамен 1103 жылдары Сайрам жерінде дүниеге келіп, 1228 жылы Түркістанда дүние салған. Пайғамбар жасына келген соң, күннің көзін көріп жүру күнә деп жердің үстінде 63 жас, жердің астында тағы да 62 жас жасаған деген аңыздар бар.

Қожа Ахмет Ясауи әкесі Ибраһим ата Сайрам жерінде танымал ғұлама болған. Өзінің ұстазы Мұсаның қызы Айшамен отбасын құрып, одан Гауһаршаназ және Ахмет атты ұрпақ дүниеге келеді. Ахметтің әке-шешесі ерте дүние салып, аталас туысы Арыстан Бабтың тәрбиесіне өтеді.

Қожа Ахмет Ясауиден екі ұл мен екі қыз тарайды. Ұлдары ерте қайтыс болып, қыздары Жамал мен Гаухардан тараған ұрпақ екі жүзден асқан екен.

Арыстан Бабтан білім алып, одан кейін Бұхарадағы Хамаданидің діни медресесінде білімін жетілдіреді. Ұстазы дүние салған соң, орнын басып, медресе басшысы қызметін атқарады. Ер баланың зеректігін байқаған ауқатты, білімді азамат Ахметті Иран жеріне апарып оқытқан деген деректер де кездеседі.

Қожа Ахмет Ясауидің әулиелігі мен қасиетін жоғары бағалаған Ақсақ Темір сол заман үшін теңдесіз сәулет өнерінің керемет үлгісі ретінде күнмен таласқан Ғибадатхананы 1391-1393 жылдары салдырады. Ең мықты деген шеберлерді шақырып аз ғана уақытта көк күмбезді 35 бөлмеден тұратын кесене тұрғызады. 1399 жылдары Әмір Темірдің тапсырмасымен салмағы 2 тонна, 3 мың литр су сиятын Тайқазан сыйлыққа беріледі.

«Диуани хикмет» – құран мен хадистердің сыры мен мән-мағынасын, маңызын ашып берген этикалық-дидактикалық мазмұндағы поэзиялық хикметтер жиынтығы. Ол турасында Әулие бабамыз хикметтерінде: «Хикметтерім – келген пәрмен Сұбханнан, Бар

мағынасы Құран оның ұқ, қарғам!» және «Хикметтерім – хадистің кең мазмұны, Ұқпағандар – адамзаттың азғыны» деп арнайы атап өтеді. Сондай-ақ, заманында барлық түркілерден шыққан шайыр, ғұламалардың қандай да болмасын шығармаларын тек араб-парсы тілінде жазуы белең алып, түркі тілінің жойылып кету қауіпі тұрғанда Ясауи бабамыз: «Қоштамайды ғалымдар біздің айтқан түркіні, Арифтардан естісең ашар көңіл мүлкіні. Аят, хадис мағынасы – түркі болса лайық, Мағынасына жеткендер жерге қояр бөркіні» деп еңбектерін, әсіресе «Диуани хикметті» түркі тілінде жазып шығып, түркі тілінің дін, ғылым-білім, әдебиет, мәдениет, мемлекеттік тілге айналуына ерекше ықпал етеді» (<https://azretsultan.kz/diuani-hikmet/>)

Ахмет Ясауи «Диуан Хикмет» еңбегі XII ғасырда көне түркі тілінде жазылған туынды. Ғалым-зерттеуші А.К Боровков: «Диуани Хикмет» оғыз-қыпшақ тілінде жазылған, өте қарапайым, көпшілікке түсінікті тілмен жазылған шығарма дейді. Хикметтің түпнұсқасы сақталмаған. Бізге жеткені XV-XVI ғасырлардағы көшірмелері Стамбул, Қазан, Ташкент, Мәскеу, Алматыда сақтаулы. «Диуани Хикмет» Қазан қаласында 1887 және 1901 жылы араб әрпімен, Стамбулда 1901 жылы, Ташкентте 1902 жылы, 1911 жылдары баспалардан бірнеше рет жеке кітап болып басылып шықты. «Диуани хикмет» кітабын алғаш рет қазақ тіліне аударған – Н.Сауранбаев.

Ахмет Ясауи хикметтерінің толық жинағы - «Қазан» басылымы. Мұнда 149 хикмет берілген. Белгілі ғалым-философ Мұханмадяр Орынбековтың зерттеулерінде Ахмет Ясауи жөнінде және оның сопылық ілімі жайлы өте құнды пікірлер айтылады. Өмірдің азабын көп көрген Қожа Ахмет аскетизмге бет алып, тағдырға сенуді уағыздайды, дүние қызығынан безіп, аскеттік өмірге бет бұрады. О дүниенің мәңгілігін жырлайды. Өз танымы бойынша Ясауи сопылық бағыттың өкілі.

Құдай жолына түсіп, оны тану барлық адамдардың қолынан келе бермейді. Бұл Алланың қалауымен, таңдаулы адамдарға ғана қонады. Ахмет Ясауи адам мен қоғам мәселелеріне де назар аударып, оларға дәстүрлі мұсылмандықтан айырмашылығы бар ұсыныс беруге әрекет жасайды. Ясауи дүниетанымындағы адамшылық қасиет ислам діні арқылы түсіндіріледі.

Түркі халықтарының орта ғасыр кезінде бір жола араб жазуына көшуі өмірге көптеген ғылыми дүниелерді алып келді. Сонымен қатар, бұл кез шығыс әлемінде суфизм ағымының әсері күшейіп, бірте-бірте қанатын кең жайып дами бастаған кезі еді. Бұл дәуір Орта Азия мұсылман халықтары үшін де ерекше уақыт. Осы заманда ел бірлігі, халықтар татулығы, адамшылық пен имандылықты, жаратушы алдындағы адалдықты мұрат етіп, өз туындыларында сөз еткен ойшылдар тарих сахнасына шықты. Солардың бірі асқан шеберлігімен, елге сыйлылығымен, қайырымдылық пен мейірімділікті өмірге арқау етіп, бүкіл түркі жұртын татулыққа, тазалыққа үндеген, қасиетті әулие атанған Қожа Ахмет Ясауи еді.

«Қожа Ахмет Ясауи поэзиясының мазмұнында екі түрлі жүйе бар. Оның бірі – суфизм, екіншісі – бұл дүниеге сыймай торығу, оны сынау сарыны. Өмірден безген, одан әділет таппаған ақын теңдікті о дүниеден күтеді. Алайда, бізге ақын поэзиясындағы суфизм идеясы емес, сыншылдық сарын қымбат» (Қоңыратбаев Ә. *Көне мәдениет жазбалары*. Алматы: Қазақ университеті, 1991. -400/94бет)

Ясауидің басты көздеген мақсаты – құдаймен табысу, оның бейнесін көру. Құдайды тану сопылар үшін бүкіл өмірінің мәні болып саналады.

Ясауи пайғамбар жасына толғанда, менің пайғамбардан артық өмір сүруім күпірлік болар деп, алдын-ала қазылған қылуette қалған өмірін өткізіпті. Сопылық бағыттағы негізгі ұстаным – Жаратушыны тылсым күштер көмегімен сүю. Сопылар тылсым күштер көмегімен сүю арқылы экстатикалық ұмтылыстарымен, жан-жүйесінің азап шегуімен және кездесуге құлшынумен, құдаймен табысуға болатындығына сенген.

Ахмет Ясауи адамшылық және әлеуметтік мәселелерін қозғап, оларға дәстүрлі мұсылманшылдық негізіндегі ұсыныстарын береді. Оның дүниетанымында этикалық ойлар да басым. Ясауи дүниетанымындағы адамшылық ойлары сенім арқылы түсіндіріледі. Жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік, адамның жақсы және жаман әрекеттері сияқты сипаттары, оның Құдайға сенуіне байланысты қалыптасады.

«Даналық кітабында» негізінен төрт құндылық мадақталады. Олар: шариғат – ислам заңдары мен әдет-ғұрыптарының жиынтығы; тариқат – сопылықтың идеясы, мұрат-мақсаты; мағрифат – дін жолын танып, білу; хақиқат – құдай және оған жақындау. Осы төрт жолмен Жаратушыға жақындауға болатындығына сенген.

Қызыр Бабам салды мені осы жолға,  
Одан кейін дария болып тастым, достар.  
Шариғаттың базарында сайран салдым.  
Білімнің бақшасында қайран қалдым,  
Тариқаттың сарайында тайраңдадым.  
Хақиқаттың есігін аштым, достар – деп 41 хикметінде жазылған.

«Қожа Ахмет Ясауи түркілерге исламды қабылдауға, түркінің көнеден келе жатқан мәдениетін, тілін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін түгелімен қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Өйткені, VIII ғасырдың екінші жартысында ислам дінін қабылдаған түркілер X-XII ғасырларға келгенде өзінің дәстүрлі мәдениетінен, тілінен, мемлекеттік жүйесінен толығымен ажыраған болатын. Алғашында ислам дінін қабылдау тек дінді емес, бүкіл араб болмысын қабылдау деп түсінген түркілер арабтанып, парсыланып кеткен еді. Қожа Ахмет Ясауи ислам дінінің басты талабы иман екендігін түсіндіруі, иманы бар адамның мұсылман болып саналатынын сезіндіруі, арабтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын қабылдамай-ақ әрбір мұсылманның өз мәдениетін сақтауы мүмкін екендігіне көзін жеткізуі, түркілердің өзінің дәстүрлі мәдениетіне қайтадан бет бұруына мүмкіндік берді. Қожа Ахмет Ясауи түркі мәдениетін сақтап қалу жолында ғана емес, оны қайта жаңғырту жолында да көп еңбек етті. Ол түркі тілін жолында дін тіліне, ғылым-білім тіліне, әдебиет мәдениет тіліне, мемлекет тіліне айналдырды (<https://abai.kz/post/9200>).

Ясауи мен Түркістан атауы бірге айтылады. Түркістан қаласының салынуы да аңызға толы. Түркістан X-XI ғасырларда Шауғар, XII-XIV ғасырларда Ясы, XIV ғасырдан бастап Түркістан деп аталып келеді. Самарқанда әмірі болған Әмір Темірдің қолдауымен салынған Орта ғасырлық қала 1397 жылы салынып болған дейді кейбір деректерде. Қожа Ахмет Ясауи мазарындағы үлкен мыстан жасалған тайқазан 1936

жылы Ресейдегі Эрмитажға әкетіледі. Содан 50 жылдан кейін 1989 жылдың қыркүйек айында қайтадан өз орнына орнықты.